

Дәрі-дәрмек өнімдеріне жатпайтын, құрамында прекурсорлары бар өнімнің Қазақстан Республикасына белгілі бір санын әкелуге (әкетуге) рұқсат алу үшін құжаттарды келісу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2004 жылғы 26 тамыздағы N 242-п бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 22 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 3081. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 8 шілдедегі № 472 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің 08.07.2015 № 472 бұйрығымен.

" К е л і с і л г е н д і "

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігінің
Есірткі бизнесімен күрес және
есірткі айналымына бақылау
жөніндегі комитеттің төрағасы

2004 жылғы 26 тамызда

Дәрі-дәрмек өнімдеріне жатпайтын, құрамында прекурсорлары бар өнімнің Қазақстан Республикасына белгілі бір санын әкелуге (әкетуге) рұқсат алу үшін құжаттарды келісудің бірыңғай тәртібін белгілеу және "Қазақстан Республикасында есірткі құралдары психотропты заттар және прекурсорлар айналымын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 қарашадағы N 1693 қаулысына сәйкес Бұйырамын:

1. Дәрі-дәрмек өнімдеріне жатпайтын прекурсорларды әкелуге (әкетуге) келісім-хат беру үшін нұсқаулығы бекітілсін.

2. Сараптау және лицензиялау департаменті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың Заңдарда бекітілген тәртіпке сәйкес мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр Ж.Л. Бекжановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

*Қоршаған ортаны қорғау
Министрінің міндетін*

атқарушы

Қазақстан Республикасының
Қоршаған ортаны қорғау
Министрі міндетін атқарушының
2004 жылғы 26 тамызда
N 242-п бұйрығымен бекітілді
"Дәрі-дәрмек өнімдеріне жатпайтын,
құрамында прекурсорлары бар
өнімнің Қазақстан Республикасына
белгілі бір санын әкелуге
(әкетуге) рұқсат алу үшін
құжаттарды келісу жөніндегі
нұсқаулықты бекіту туралы"

**Дәрі-дәрмек өнімдеріне жатпайтын прекурсорларды әкелуге (әкетуге)
келісім-хат беру нұсқаулығы 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулық "Есірткі құралдары, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдалануына қарсы іс-әрекет шаралары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасында есірткі құралдары психотроптық заттар және прекурсорлар айналымын бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 10 қарашадағы N 1693 қаулысына сәйкес әзірленген.

2. Осы нұсқаулық есірткі бизнесімен күрес және есірткі айналымын бақылау жөніндегі комитет беретін құрамында прекурсорлар бар өнімнің Қазақстан Республикасына белгілі бір санын әкелуге (әкетуге) келісім-хат беру бірыңғай тәртібін нақтылау үшін әзірленген.

**2. Дәрі-дәрмек өнімдеріне жатпайтын прекурсорларды
әкелуге (әкетуге) келісім-хат алу үшін
ұсынылатын құжаттар тізбесі**

3. Дәрі-дәрмек өнімдеріне жатпайтын прекурсорды әкелуге (әкетуге) келісім-хат мынадай құжаттардың ұсыну негізінде беріледі:
келісімнің қажеттілігі туралы бекітілген нысанды өтініш (1-қосымша);
қоршаған ортаны ластағаны үшін сақтандыру полисі;
прекурсор айналым саласына қызмет етуге берілетін лицензия көшірмесі.

Осы Нұсқаулықтың 3-тармағында аталған құжаттарға, басшы қол қояды және заңды тұлғаның сәйкес мөрімен куәландырылады.

4. Дәрі-дәрмек өнімдеріне жатпайтын прекурсорларды әкелуге (әкетуге) келісім-хат он күн мерзімінен кешіктірілмей беріледі.

5. Дәрі-дәрмек өнімдеріне жатпайтын прекурсорларды әкелу (әкету) туралы келісім-хат осы нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес бекітілген нысан бойынша беріледі.

Қазақстан Республикасының
Қоршаған ортаны қорғау
Министрі міндетін атқарушы
2004 жылғы 26 тамызда
N 242-п бұйрығымен бекітілген
нұсқаулыққа бекіту туралы"
1-қосымша

**Қазақстан Республикасының
Қоршаған ортаны қорғау министрлігі**

Өтініш

(ұйымның атауы, заңды мекен-жайы, телефоны, факсі)

Қазақстан Республикасының Ішкі істер Министрлігінің есірткі бизнесімен күрес және есірткі айналымына бақылау жөніндегі комитеттен дәрі-дәрмек өнімдеріне жатпайтын прекурсорларды әкелуге (әкетуге) рұқсат алу үшін келісім-хат беруіңізді сұраймын.

(елдің, ұйымның атауы, заңды мекен-жайы, телефоны, факсі, E-mail)

N	Кесте	Халықаралық	Сауда	Өлшем	Саны	Нөмір, күні,
p/c	Тізім N,	патенттел.	атауы	бірлігі		жеткізушімен
	Ұстаным	меген				шарт күшінің
	N	атауы (ХПА)				мерзімі

Ұсынылатын құжаттардың тізімі _____

Басшы (уәкілетті тұлға) _____

л а у а з ы м ы

Заңды тұлғаның басшысының (уәкілетті тұлғаның)

М.О. 200__ ж. ____

Қазақстан Республикасының

Қоршаған ортаны қорғау

Министрі міндетін атқарушы

2004 жылғы 26 тамызда

N 242-п бұйрығымен бекітілген

нұсқаулыққа бекіту туралы"

2 - қ о с ы м ш а

— — — — —
ұйымның атауы, заңды мекен-жайы

**Дәрі-дәрмек өнімдеріне жатпайтын
прекурсорларды әкелуге (әкетуге) келісім-хат**

2000 жылғы 10 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметінің N 1693 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасында есірткі құралдары психотроптық заттар және прекурсорлар айналымын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру ережесінің 43-тармағымен Қазақстан Республикасы қоршаған ортаны қорғау "Дәрі-дәрмек өнімдеріне жатпайтын прекурсорларды әкелуге (әкетуге) келісім-хат беру тәртібі туралы" нұсқаулықтың 3-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттар негізінде мынадай кестеге сәйкес, құрамында прекурсорлар бар өнімдерге рұқсат алу үшін келісім берілген:

N	Кесте		Халықаралық Сауда Өлшем	Саны Нөмір, күні,	Елдің,
р/с	Тізім N,	патенттел.	атауы бірлігі	жеткізушімен	ұйымның
	Ұстаным		меген атауы		шарт күшінің
	N		(ХПА)		мерзімі
					заңды
					мекен-жайы

